

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
БІЛІМ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ ИНСТИТУТЫ**

БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссиясының төрағасы,
ректор Б.Т. Шақешев



**«Педагогика ғылымдары» білім беру саласына түсу үшін
педагогтік қайта даярлау курсына арналған арнайы емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Дайындық бағыты	Білім беру бағдарламаларының атауы
Педагогтік қайта даярлау	PR0013- Педагогтік қайта даярлау

Орал, 2026

Бағдарлама жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы).

Құрастырғандар: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Джонисова Г.Қ.
п.ғ.м., аға оқытушы Сатыбалдиева А.М.


«Педагогика және психология» кафедрасының отырысында талқыланып қаралды.

№ 11 хаттама, « 10 » 06 2026 ж.

Кафедра меңгерушісі:  PhD,
қауымдастырылған профессор Н.Ж.Султаниязова

Бағдарлама институт кеңесінің отырысында қарастырылды және бекітілді:

№ 11 хаттама, « 12 » 06 2026 ж.

Институт кеңесінің төрағасы:  А.С.Тасмағамбетов

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес, «Педагогика ғылымдары» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға түсуші адамдар арнайы емтихан тапсырады (ҚР БҒМ 2018 ж. 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген).

Арнайы емтиханның мақсаты талапкердің педагогикалық білім беру бағдарламасын меңгерудегі тұлғалық алғышарттарын тексеру болып табылады. Арнайы емтиханды жоғары оқу орнының пәндік комиссиясы өткізеді. Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша бір арнайы емтихан және педагогикалық ситуациялар енгізілген. Педагогикалық мамандықтарға талапкерлерден өтініштерін қабылдау олардың тандаған жоғары оқу орынының мекенжайы бойынша жүзеге асырылады. Арнайы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы ректордың бұйрығымен бекітілген пәндік комиссия құрылды.

1. АРНАЙЫ ЕМТИХАНДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1.1 Арнайы дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша, оның ішінде «педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнайы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

1.2 Арнайы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қабылдау комиссиясының төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтихан өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

1.3 Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссия төрағасы сайланады. Комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Арнайы емтихандарды өткізу жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес арнайы емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

1.4 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша курсқа түсушілердің құжаттарын қабылдау және арнайы емтихан өткізу университетте жазғы қабылдау бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымнан 20 тамызға дейін, күзгі қабылдауда қазанның 1-інен қарашаның 21-іне дейінгі мерзімде ақылы оқуға қабылдау үшін жүзеге асырылады.

1.5 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру бағыты бойынша оқуға түсу үшін арнайы емтихан «жеберілді» немесе «жіберілмеді» деген формада бағаланады.

1.6 Арнайы емтихан бейне және (немесе) аудио жазбалармен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі. Арнайы емтихан өткізудің онлайн нысанында емтихан жазбасы жасалады.

1.7 Арнайы емтихан өткізілетін аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы жүзеге асырылады..

1.8 Арнайы емтихан кестесін (өткізу күні, уақыты және орны) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және емтиханға дейін университеттің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

1.9 Арнайы емтиханның өткізілу қорытындылары жіберу ведомосы, комиссияның еркін түрде жасалған хаттамасы арқылы рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (немесе оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысушы мүшелері қол қояды.

1.10 Арнайы емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

1.11 Талаптарды сақтау мақсатында емтихан өткізу кезеңіне, тиісті емтихандарды

тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау, даулы мәселелерді шешу үшін ректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, оның құрамы төрағасын қоса алғанда, так саннан тұрады.

1.12 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы емтихан тапсырған адам өзі береді, арнайы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

2. АРНАЙЫ ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

2.1 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсу үшін арнайы емтихан педагогикалық жағдайды шешу форматында өткізіледі және «жіберілді» немесе «жіберілмеді» нысанында бағаланады.

2.2 Комиссия педагогикалық жағдаятты шешу кезінде оқуға түсушілердің мынадай маңызды кәсіби қасиеттерін бағалайды:

- педагогикалық жағдайды шешу бойынша ұсынылған шешімнің конструктивтілігі мен негізділігі;
- жағдайға және оның себептеріне жылдам бейімделе білу;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;
- қалыптасқан жағдайды шешу үшін педагогикалық ықпал ету тәсілін әзірлей және жүзеге асыра алу қабілеті;
- сұхбаттасын тыңдай және түсіне білу қабілеті;
- сұрақтарды сауатты және анық қоя білу;
- алынған ақпаратты түсінікті тілмен жеткізе білу;
- креативті ойлау;
- объективтілік;
- эрудиция;
- өзін-өзі бақылау және сабырлылық;

Емтихан құрылымы:

Педагогикалық жағдаяттар тыңдаушының педагогикалық білім беру бағдарламаларына тән қарым-қатынас икемділігі, эмпатия, сыни ойлау орамдылығы, креативтілік, коммуникативтік дағдылар, көшбасшылық сапалар, ұстамдылық, әдептілік және т.б. қабілет-нышандарын диагностикалау мақсатында құрастырылған.

Өту барысы:

Тыңдаушылар педагогикалық жағдаят жазылған бір карточканы таңдайды. Ойлануға 5-10 минут уақыт беріледі. Кейін тыңдаушы проблемалық жағдаятты критерилерге сәйкес талдап, жазбаша түрде жауабын береді.

Келісілген:

Кафедра меңгерушісі:



PhD, қауымдастырылған профессор
Султаниязова Н.Ж.

Педагогикалық жағдаяттар

№ 1 жағдаят

Оқушылардың көбі сабаққа немқұрайлы қарайды.

- Мотивацияны арттырудың қандай әдістерін қолдануға болады?
- Ішкі және сыртқы ынталандырудың айырмашылығы неде?

№ 2 жағдаят

Топтағы бір бала агрессивті мінез көрсетеді.

- Мұғалім қандай алдын алу әдісін қолдануы керек?
- Баланы ұжымға бейімдеу жолдары қандай?

№ 3 жағдаят

Мұғалім оқушыларды жобалау әдісі арқылы оқытқысы келеді. Бірақ кейбір оқушылар өз бетімен жоспар құра алмайды.

- Мұғалім қандай қолдау көрсетеді?
- Зерттеу дағдыларын дамыту кезеңдері қандай?

№ 4 жағдаят

Дарынды оқушы материалды тез меңгеріп, басқаларға кедергі келтіреді.

- Мұғалім оның әлеуетін қалай дұрыс бағыттайды?
- Жеке траектория құру принципі қандай?

№ 5 жағдаят

Мектепте волонтерлік жоба ұйымдастырылды, бірақ кейбір оқушылар қатысудан бас тартты.

- Мұғалім олардың әлеуметтік белсенділігін қалай арттыра алады?
- Қоғамдық жауапкершілікті тәрбиелеудің тиімді жолдары қандай?

№ 6 жағдаят

Мектепте оқушылар арасында ұсақ жанжал жиі орын алады.

- Сынып жетекшісі ұжымдағы қарым-қатынасты реттеу үшін не істеуі керек?
- Медиация әдісін қалай қолдануға болады?

№ 7 жағдаят

Оқушылар әлеуметтік желілерде мұғалім туралы пікір жазған. Мұғалім бұл жағдайды біледі.

- Мұғалім кәсіби этиканы сақтап, қалай әрекет етуі керек?
- Сандық этиканың рөлі қандай?

№ 8 жағдаят

Тәрбие сағаты кезінде мұғалім оқушылардың жауаптарын тыңдамай, өзі көп сөйлейді.

- Бұл жағдайда тәрбиелік әсер неге төмендейді?
- Оқушылардың белсенді қатысуын қалай арттыруға болады?

№ 9 жағдаят

Мектепке жаңадан келген бала өзіне сенімсіз, сыныппен араласпайды.

- Мұғалім оқушының бейімделуіне қалай көмектеседі?
- Психологиялық қолдаудың қандай түрлері бар?

№ 10 жағдаят

Сабақта мұғалім үнемі белсенді балаларды ғана шақырады. Басқалары үнсіз қалады.

- Бұл жағдайда мұғалім неге назар аударуы керек?
- Барлық оқушының оқыту процесіне қалай тартуға болады?

№ 11 жағдаят

Оқушы қателескен сайын мұғалім оны түзетіп, күлкі тудырады.

- Мұғалімнің реакциясы оқушының дамуына қалай әсер етеді?
- Позитивті кері байланысты қалай қолдануға болады?

№ 12 жағдаят

Баланың оқу үлгерімі төмендеп кетті. Сұрағанда үйінде ата-анасы жиі ұрысатыны анықталды.

- Мұғалім бұл жағдайда қандай психологиялық-педагогикалық әрекет жасауы керек?
- Мектеп психологымен қалай бірлесе жұмыс істейді?

№ 13 жағдаят

Сынып жетекшісі ата-аналар жиналысында кейбір ата-аналардың қатыспайтынын байқады.

- Мұғалім ата-аналардың белсенділігін арттыру үшін не істеуі керек?
- Отбасы мен мектеп арасындағы серіктестікті қалай нығайтуға болады?

№ 14 жағдаят

Тәрбие сағатында мұғалім оқушылардан «Менің өмірлік құндылықтарым» тақырыбында эссе жазуды сұрады. Кейбірі шынайы жазудан қысылды.

- Мұғалім сенімді атмосфераны қалай қалыптастыруы керек?
- Этикалық тұрғыда жеке пікірмен жұмыс істеу қалай ұйымдастырылады?

№ 15 жағдаят

Мұғалімнің дауысы қатқыл, кейбір оқушылар одан қорқады.

- Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті неліктен маңызды?
- Сенімді атмосфера қалай құрылады?

№ 16 жағдаят

Оқушы сабақта дұрыс жауап бере алмай, жылай бастады.

- Мұғалім бұл жағдайда не істеуі керек?
- Баланың өзін-өзі бағалауын қолдаудың қандай тәсілдері бар?

№ 17 жағдаят

Бір топтағы оқушылар өзара жарысқанды жақсы көреді, ал кейбіреуі керісінше, қысылып қалады.

- Мұғалім бәсекелестік пен ынтымақтастық арасындағы теңдікті қалай сақтайды?
- Топтық динамикамен жұмыс істеудің психологиялық қырлары қандай?

№ 18 жағдаят

Мұғалімнің эмоционалдық күйі тұрақсыз, бұл сабақ сапасына әсер етіп жүр.

- Педагогикалық күйзелістің алдын алу жолдары қандай?
- Мұғалім өз психологиялық саулығын қалай сақтай алады?

№ 19 жағдаят

Сыныптағы бір оқушы көру қабілеті төмен. Мұғалім презентациядағы мәтінді ұсақ қаріппен жазған.

- Мұғалім оқу материалын қалай бейімдеуі тиіс?
- Инклюзивті білім беруде қандай қағидалар сақталуы керек?

№ 20 жағдаят

Бір оқушы достарын үнемі мазақ етеді. Мұғалім оған бірнеше ескерту жасады, бірақ нәтиже болмады.

- Мұғалім қандай тәрбиелік тәсілді қолдануы керек?
- Балада эмпатия сезімін қалай дамытуға болады?

№ 21 жағдаят

Оқушылар қашықтан оқыту кезінде бейнекамераны қоспай отыр.

- Мұғалім бұл жағдайда қатысуды қалай ынталандырады?
- Онлайн оқытуда мотивацияны арттыру жолдары қандай?

№ 22 жағдаят

Мұғалім интерактивті тақтада жаттығу орындап жатқанда бағдарлама тоқтап қалды.

- Мұғалім сабақты қалай жалғастыруы тиіс?
- Цифрлық құзыреттіліктің педагогикалық маңызы неде?

№ 23 жағдаят

Инклюзивті сыныптағы оқушы сабақ кезінде жиі шаршайды.

- Мұғалім оқу жүктемесін қалай реттейді?
- Ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеудің этикалық ұстанымдары қандай?

№ 24 жағдаят

Мұғалім оқушыларға “цифрлық эссе” жазу тапсырмасын берді, бірақ көпшілігі тек көшірумен шектелді.

- Академиялық адалдықты сақтау үшін не істеу керек?
- Цифрлық сауаттылыққа тәрбиелеудің маңызы қандай?

№25 жағдаят

- Оқушылардың ата-аналары инклюзивті білімге қарсы.
- Мұғалім оларға түсіндіру жұмысын қалай жүргізеді?
- Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру жолдары қандай?

№26 жағдаят

- Оқушылар сабаққа кешігіп келіп жүр. Мұғалім тәртіпті сақтау үшін қандай алдын алу шараларын қолдана алады?
- Мотивациялық әдістер мен жазалау арасындағы айырмашылық қандай?

№27 жағдаят

- Мұғалім оқу процесінде жасанды интеллект құралдарын қолдануға шешім қабылдады.
- Мұғалім бұл жағдайда қандай этикалық нормаларды сақтауы керек?
- Оқу процесіндегі AI қолданудың шектеулері қандай?

№28 жағдаят

- Сыныптағы оқушылардың оқу стилі әртүрлі (аудиал, визуал, кинестетик).
- Мұғалім бұл ерекшеліктерді қалай ескеруі тиіс?
- Мультимодальды оқыту әдісінің артықшылықтары қандай?

№29 жағдаят

- Мұғалім әріптесінің сабағында тәртіптің бұзылғанын көрді.
- Ол кәсіби этика тұрғысынан қалай әрекет етуі керек?
- Әріптестік қолдау мәдениеті қалай қалыптасады?

№30 жағдаят

- Ата-аналар бір мұғалімнің әдістемесіне сын айтты.
- Мұғалім сынға кәсіби тұрғыда қалай жауап береді?
- Педагогтың рефлексиялық қабілеті неліктен маңызды?

№31 жағдаят

- Сабақ кезінде оқушылар мұғалімнің жеке өмірін сұрай бастады.
- Мұғалім кәсіби шекараны қалай сақтайды?
- Педагогикалық әдептің рөлі қандай?

№32 жағдаят

- Мектеп әкімшілігі мұғалімнен артық жұмыс талап етуде.
- Педагог кәсіби шектеулер мен өз құқығын қалай қорғайды?
- Кәсіби күйзелістің алдын алу тәсілдері қандай?

№33 жағдаят

- Жаңа жас маман тәжірибелі әріптестерінің әдістерін қайталайды, бірақ нәтижеге жете алмай жүр.
- Ол өз әдістемелік стилін қалай қалыптастыра алады?
- Педагогикалық шығармашылық нені білдіреді?

№34 жағдаят

- Мұғалім оқу жетістігін бағалауда тек тест нәтижелеріне сүйенеді.
- Қалыптастырушы бағалау неліктен маңызды?
- Кері байланыс түрлері қандай?

№35 жағдаят

- Мектепте мұғалімдер арасындағы бәсекелестік жоғары.
- Бұл атмосфера ұжымдық тиімділікке қалай әсер етеді?
- Педагогикалық ұжымда ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру жолдары қандай?

№36 жағдаят

- Мұғалім өз сабағына ата-аналарды шақырып, ашық сабақ өткізді. Кейбір ата-ана сыни пікір айтты.
- Мұғалім рефлексия жасау кезінде нені ескеруі керек?
- Педагогикалық талдау жүргізудің қағидалары қандай?

№37 жағдаят

- Оқушы мұғалімге әлеуметтік желі арқылы жеке хабарлама жазады.

- Мұғалім қалай жауап беруі керек?
- Сандық педагогикалық этика қағидалары қандай?

№38 жағдаят

Мұғалім әр сабақтан кейін өзін-өзі бағалайды және жетілдіру жоспарын жасайды.

- Бұл қандай кәсіби дағды?
- Педагогикалық рефлексияның маңызы неде?

№39 жағдаят

Оқушылардың мінез-құлық ережелерін мұғалім өзі ғана құрастырды.

- Мұғалім қандай қателік жіберді?
- Құндылыққа негізделген тәрбие дегеніміз не?

№40 жағдаят

Сабақта мұғалім эмоционалды қысым көрсетіп, оқушыларды «тәртіп үшін» қорқытады.

- Бұл әдіс неге тиімсіз?
- Құрметке негізделген тәртіпті қалыптастыру жолдары қандай?

№41 жағдаят

Топтағы оқушылар арасында гендерлік кемсіту байқалды.

- Мұғалім қандай педагогикалық шара қабылдауы керек?
- Тең құқықтылық қағидасы қалай жүзеге асады?

№42 жағдаят

Мұғалім оқушыларды жобалық жұмысқа тартты, бірақ бағалау тек нәтижеге берілді.

- Процесті бағалау не үшін қажет?
- Бағалау критерийлері қалай құрылады?

№43 жағдаят

Мектеп ұжымы инклюзивті жобаны қабылдауға дайын емес.

- Мұғалім әріптестер арасында түсіністік орнату үшін не істейді?
- Инклюзивті мәдениетті дамытуда көшбасшылықтың рөлі қандай?

№44 жағдаят

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі төмен, себебі тапсырмалар тым жеңіл.

- Мұғалім оқытуды дараландыру үшін не істеуі керек?
- Қиындық деңгейін реттеу әдістері қандай?

№ 45 жағдаят

Мұғалім оқу жылының соңында портфолио жинауды ұсынды.

- Бұл әдістің артықшылығы неде?
- Оқушылардың жетістігін қадағалаудың тиімді жолдары қандай?

№46 жағдаят

Балаға жеке оқу жоспары жасалды, бірақ ата-анасы оны қолдамайды.

- Мұғалім бұл жағдайда не істеуі керек?
- Ата-анамен серіктестік орнатудың психологиялық тәсілдері қандай?

№47 жағдаят

Мұғалім оқушылардың тәртібі үшін тек жазалау әдісін қолданады.

- Бұл әдіс неге нәтижесіз?
- Позитивті тәрбие принципі неде?

№48 жағдаят

Оқушылар сабақта мұғалімнің сөзін бөлді.

- Мұғалім бұл жағдайда өзін қалай ұстауы тиіс?
- Коммуникативті мәдениеттің педагогикалық мәні қандай?

№49 жағдаят

Мұғалім оқу процесінде QR-код технологиясын енгізді.

- Бұл әдіс қандай құзыреттіліктерді дамытады?
- Цифрлық құралдарды тиімді қолданудың шарттары қандай?

№50 жағдаят

Мұғалім ата-аналарға электронды журналды қолдануды үйретуде.

- Бұл жағдайда мұғалім қандай цифрлық құзыреттілікті дамытады?
- Ата-анамен заманауи байланыс орнатудың тиімді құралдары қандай?